

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Қазағына қызмет қылған қайраткер

(Шәріп Өтеповтің Қобда беті қазақтары арасындағы саяси қызметі)

Моңғол Халық Республикасы социализм жолына (1921ж.) бет бұрған сәттен бастап, жаңа мизам саясатын орнықтыру үшін саяси жұмыстар қолға алынды. Әсіресе елдің батыс шебінде өмір сүріп жатқан қазақтарды жаңа өмірге икемдеу ісі тоқырауға ұшырады. 1928 жылы 14 желтоқсанда ашылған Моңғолия Мемлекеттік 5-ші кіші құрылтайы қабылдаған төтенше қаулының «Халық ағарту ісі туралы» бөлімнің 170-бабында: «Шекаралық аймақта орналасқан қазақтар арасына оқу-білім ісін жоспарлы жүргізуді қолға алу» жайлы сөз болса, аталмыш құжаттың 9-бабында: «...қазақтар арасына жаңа мизам саясатын жүргізу қажет» деп нақты атап көрсетіпті.



Әртүрлі кедергілерге қарамай, қазақстандық өкілдер Қобда беті қазақтары арасына алғаш рет заманауи мектеп ашып, балаларды оқыту үшін үкімет берген ақшаға екі киіз үй сатып алады. Ел ішіне жүргізілген үгіт-насихаттың нәтижесінде біраз кедей отбасы балаларын оқуға өздері әкеліп тізімдетеді. Сөйтіп жаңа оқу жылында білім алуға құштар бала саны 25-ке жеткен екен. Келесі кезекте балаларды оқытатын мұғалім керек. «Бірнеше адамның ішінен руы арғын-тобықты-көкше Бай-мұхамет Қанапияұлы молданы ұстаздыққа таңдап алдық» – деп жазады Ш.Өтепов. «Бұл кісі 1905 жылдары екі інісі Байзікір мен Дүйсебайды ертіп Қарқаралы уезінің Бауыр болысынан Шыңжаң – Алтайға өткен екен.

Кешікпей Қобда бетіне келіп Ойғыр, Соғақ, Сарыбөктер, Орықты, Дайын, Сенгіл өлкелерінде көшіп-қонып өмір сүреді. Ол жәдитше білім алған, татар, шағатай, орыс тілдерін өз деңгейінде білген. Моңғолияға келген соң ұранқай, тыва тілдерін де үйренеді.



Осындай білімділігін аңғарған жергілікті ауқатты адамдар: «Мына жігіттің білімі бар екен, балаларымызды сауаттандырайық», деп діни сабақ оқытады. Сөйтіп Баймұхамет молда Қобда бетінде тұрып қалады. Байекеңнің бір ұл, екі кызы болған. Ұлы Кәмалаш көп жылдары сұмында әкімшілік, партия қызметкері, мұғалім, мектеп меңгерушісі болса, қызы Шөрке әйелдер ортасынан шыққан жоғары білімді алғашқы зиялылардың бірі, үлгілі ұстаз, Ұлы Құрал депутаты болған қайраткер тұлға. Немересі Биқұмар Кәмалашұлы тарих ғылымдарының докторы, этнограф бірнеше кітаптың авторы. Жарықтық молда атамыз 1938 жылы 18 шілде күні 49 жасында «халық жауы» деген жаламен ұсталып, осы жылдың 19 тамызда ату жазасына бұйырылыпты.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ